

Бұл аймақтағы Қытайдың өзі екі мәселені шешуге бағытталған: елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономиканы өзгерту бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайларды, сонымен бірге қарулану базасын құру әлемде жетекші орынды алу және АТМА-ға жоғары деңгейде әсер етуді қамтамасыз ету. Бұл мақсаттарға қол жеткізу Ресей позициясының жойылуы мен қайта қалпына келмеуі, ТМД елдеріндегі исламның өсу факторына, сонымен бірге Синьцзян мен Тибеттің сепаратистік күштерін шектеуге Қытайды мүдделі болуы ол үшін тиімді болып табылады.

Оның сыртқы экономикалық саясатының курсы Жапон мен АҚШ арасындағы тартыс кезінде қайсысының күші басым болатындығына байланысты болады. Бұл құрлықтағы Жапон жаңа нарықтарды игеру және саяси әсер етуді ақырында күшейтумен қатар өз әсерін сақтап қалуға ұмтылып отыр.

Әскери және экономикалық тұрғыда толыққанды державаға айналу мақсатын көздей отырып; белгілі бір дәрежеде өзін маңызды одақтасы АҚШ-ты мазалап отыр. Бұл кезде мынаны атап өту керек, АҚШ-тың әскери стратегиясының блогы АҚШ - қа Ресей тарапынан болатын қауіпті азайту емес, сонымен бірге Жапон экономикасының әскери дамуын басқару міндетін қамтамасыз етеді.

Территориялық дауларда, әсіресе Ресей мен Жапония арасындағы дауларда «әлемдік сот» рөлін атқара отырып, сонымен бірге экология проблемаларын көтере келе, АҚШ, Ресей мен Жапония арасындағы байланыстардың жүзеге асуына мүмкіндік бермейді. Аймақтағы бұл жағдайды талдай отырып көптеген сарапшылардың болжауы бойынша, таяудағы онжылдықта шиеленісу ошақтары сақталуы мүмкін. Әр алуан жоспарлық, біртекті емес стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру процесінде бұл аймақтағы сыртқы экономикалық климатты сипаты мен мазмұндылығы анықталады.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына „Қазақстан — 2050“ Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. -Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.
2. ҚР Президентінің баспасөз қызметінің мәлімдемесі. Париж, 22 қараша, 2012 жыл.
3. Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігі».

**Жумашева А.Б., э.ғ.м., оқытушы (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)  
Әмірбай Е., Сажинов С. 2 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ» ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Ең алдымен «Жасыл экономика» жоғарғы деңгейлік сападағы халықтың өмірі, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі және де мемлекетпен қабылданған халықаралық міндеттері, соның ішінде Рио-де-Жанейролық принциптері, Йоханессбургтік жоспар мен Мыңжылдық декларациясына сәйкес табиғи ресурстарды мұқият және рационалды пайдалану. Халықтың сапалы өмір сүруі қоршаған табиғи ортаның сапасына тікелей байланысты.

Жасыл экономика Қазақстан Республикасының инфрақұрылымын жетілдіру, халықтың әл-ауқытын жақсарту және қорларының тиімділігін жетілдіру мақсатында құрылған экономика болып табылады.

Қазақстан экономикасының көпшілігі энергияны қажеттенуімен ерекшелінеді, осының салдарынан елде энергия ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыратын іс-шараларды орындау үшін орасан техникалық резервтер бар.

«Жасыл» экономика мәселесі 1973 жылғы мұнай кризисінен кейін актуалды болды. Энергоресурстардың бағасының өсуі, әлемді энерготіімділік, жаңа технологиялар және жаңаландырылатын энергия көздері туралы ойлануға мәжбүрледі. Содан бері жасыл технологиялар сирек кездесетін экзотикалық прототиптер мен жеке идеялардан барлық өңірлерге енетін технологиялар мен өнімдерге айналды.

Қазіргі заманда өмір сүру сапасын жоғарылату, энергияны үнемі пайдалануды қажет етеді. Дегенмен одан кейін отын-энергетикалық ресурстардың көп түлеріне, ең алдымен, бағасы төмен және сапалы энергоресурстарға дефицит бастау алады. Қазіргі кезде өндірілетін энергияның 85%-ы органикалық түріндегі отындарды (мұнай, көмір, газ) жабу арқылы алынады. Болжаулар бойынша, негізгі энергия көздері шамамен 40-100 жылдан кейін таусылады. Мұнай қоры шамамен 40-50 жыл, газ - 80 жыл, уран қоры - 80-100 жыл, ал көмір қоры - 400-500 жылдан кейін таусылады.

Қазақстан орасан зор энергетикалық ресурстарға ие, олай бола тұра энергияның 42%-ын көмір, 39% - газ, 17% - мұнайды пайдалану арқылы аламыз.

Таяудағы 50 жылда мұнайдың әлемдік тұтынуы 2 еседен көп, табиғи газдың 3 есе, шикізаттың басқа да түрлері 3,5 есе өседі деп сарапшылар болжамдайды. Осыған қарағанда, альтернативалық көздерге ауысу өте актуалды болып келеді. Сарапшылардың пайымдауынша, экологиялық апаттан сақтану үшін ХХІ ғасырдың аяғына дейін күн энергиясының үлесі 65%-дан кем болмауы керек. Еврокомиссияның жоспары бойынша 2020 жылға қарай жаңартылған көздерден алынатын энергияның еуропалық үлесі 25%-ға дейін жеткізу керек. Альтернативалық энергетиканың дамуы Қазақстан үшін приоритетті бағыт болып табылады.

Өткен жылы Давостағы (Швейцария) Бүкіләлемдік экономикалық форумда, халықаралық табиғатты қорғау Greenpeace ұйымымен, 14 климат үшін ең қауіпті бағдарламалар көрсетілген «Точка невозврата» баяндамасы жарияланды. Бұл жерде Мексикандық шығанақ пен Бразилиядағы тереңдікте бұрғылау, Австралия, АҚШ, Қытай, Индонезияда көмір өндіруді кеңейту, АҚШ-та қатпарлы тасты және Африкада табиғи газды өндіру, Каспий және Арктикалық қайраңдарында мұнай мен газды өндіру туралы сөз айтылды.

Көмірқышқыл газдың атмосфераға шығуын 2020 жылға қарай жылына 6,34 гигатоннаға дейін өсіреді, бірақ бұл климаттың өзгеруін 2 ° С-ге дейін ұстап қалу туралы Киоттық протоколға қайшы болып келеді. Жылыжайлы газдардың ағымдағы деңгейін сақтай отырып, жер шары 2050 жылға дейін 3,5-4 ° С-ге жылиды. Егер 14 жаңа бағдарламалар іске асырылса, біздің планетамыздың 5° С-ден аса температураға қызуның ықтималдылығы артады. Бұл қайтарылмайтын нүкте 2020 жылы жүзеге асады дегенді білдіреді, яғни адамзат жаһандық табиғи катаклизмге, дәл айтқанда өндірістік кризиске және ауыз су дефицитіне алып келетін климаттың өзгерісін қадағалауға мұршасы келе алмайды.

Greenpeace ұйымының атқарушы директоры Куми Найду, бұл жағдайды болдырмас үшін, мемлекеттерге өзінің үздік жоспарларынан бас тартқызып, оларды жаңартылған энергетиканы дамыту бағдарламаларымен алмастыру керек деп санайды. Энергетиканың дамуының апаттық моделінен «жасыл экономикаға» қалай өту керектігін Гринпис Energy [R]-evolution – 2012 зерттеулері көрсетеді.

Жаһандану процесі объективті сипатта және өзінің күрделілігі мен қарама-қайшылықтарымен ерекшеленеді. Бұл постиндустриалды қоғамнан, білімге негізделген инновациондық қоғамға өту процесімен байланысты. Сол уақытта «қоңыр» экономиканың «жасыл» экономикаға айналу процесі жүзеге асырылады.

Қазақстанның стратегиялық жоспарында жаңа жаһандық мәселелер ескеріледі:

- жаһандық демографиялық дисбаланс;
- азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп-қатер;
- ауыз суға деген қатты дефицит;
- жаһандық энергетикалық қауіпсіздік;

- табиғи ресурстардың азаюы;
- әлеуметтік тұрақсыздықтың өсуі;
- әлемдік цивилизацияның құндылықтарының кризисі;
- әлемдік дестабилизация.

Сарапшылар мен экологтар келесі 20-30 жылда Қазақстан жаһандық климаттың өзгеруіне тап болуы мүмкін екенін бізге ескертеді және «жасыл экономиканы» дамыту осы экологиялық қатерлерді айтарлықтай төмендетеді. Осыған байланысты, Қазақстан тұрақты даму жөніндегі ұлттық стратегиясының моделін қалыптастыру үшін елеулі қолдау көрсететін «Жасыл көпір» бағдарламасын әзірледі. «Жасыл көпір» бағдарламасын жақсарту үшін, Астанадағы министрлердің Қоршаған орта және Азия-Тынық мұхиты өңірлерін дамыту бойынша алтыншы конференциясында инициатива ретінде «Жасыл Даму» бағдарламасы әзірленді. «Жасыл көпір» бағдарламасына жаңартылатын энергия саласындағы «жасыл технологияларға» қолжетімділікті кеңейту және «жасыл» инвестициялық жобаларды енгізу үшін «таза» өнімдерді шығару керек.

Қазақстанның «жасыл экономикаға» тез өтуіне үлкен септігін тигізетін ең негізгі жобалардың бірі Астанада өтетін бүкіләлемдік ЕХРО-2017 көрмесі болып табылады. Бұл көрмеде әлем мен халықаралық ұйымдардың шамамен 100 мемлекеті қатысады. Көрмені 2 миллионнан астам адам қатыса алады деп жоспарлануда. ЕХРО-2017 тақырыбы – «Энергия Будущего» - энергия үнемдеудің үздік әлемдік технологияларын, жаңа өндемелер мен күн, жел, теңіз, мұхит, термальды су энергиясы тәрізді, бар альтернативалық энергетикалық көздерді пайдалану технологияларын тартуға мүмкіндік береді. Көрме экономиканың жүйелік диверсификациясына және өндірістік қуат пен еліміздің ғылыми базасының технологиялық модернизациясына үлкен түрткі береді. Астана баламалы және жаңартылатын көздері саласындағы инновациялар алаңына айналмақ.

#### Әдебиеттер

1. Экология / Ф. Қ. Иштаева, Л. Г. Костарева, Ш. С. Набидоллина, Ж. Е. Молдағалиева. - Астана : Фолиант, 2008..
2. Экология. кітап: оқулық / Г. С. Оспанова, Г. Т. Бозшатаева. - Алматы : Экономика, 2002.
3. Қалдықсыз технология- экология қызметіне / С Сүлейменов, Т Құлбеков. - Алматы : Ғылым, 2011.
4. <http://solvency.boom.ru/methods.html>.

**Токсамбаева А.Б., старший преподаватель, м.э.н.  
(КарГУ им. академика Е.А. Букетова )**

### **ПЕРЕХОД К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ» КАК ЗАЛОГ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

«Зелёная экономика» – это новое направление в экономической науке, которое приводит к повышению благосостояния людей и к существенному улучшению окружающей среды, снижению дефицита природных ресурсов, предотвращению потери биоразнообразия, при этом рассматривается в тесной взаимосвязи с концепцией устойчивого развития. В ее основе представлены чистые или «зелёные» технологии, обеспечивающие широкий выбор конкурентоспособных товаров и услуг с одновременным решением глобальных экологических проблем. В этой связи переход к «зелёной экономике» представляет собой основной путь к реализации передовых идей к сохранению устойчивого развития.